

Аблаева Эльмира Алимовнаның «Бройлер балапандарын өсіруде стресске қарсы “Гидро Рекс витал” препаратын қолданудың тиімділігі» тақырыбындағы, 8D08201 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің пікірі.

Құс шаруашылығының кең өнеркәсіптік базаға шығуына байланысты күйзеліс және күйзелісті жағдайлардың салдарын тежеп алдын алу сөзсіз ғылыми және практикалық құндылығы үлкен. Аталған саланың қарқынды өсуі құс шаруашылығының ет өнімдеріне деген сұраныстың жоғары болуымен байланысты. Құстарды тығыз отырғызу, қайта топтастыру стресстердің туындауына әкеледі және мамандардың алдында құстың бүкіл тіршілік циклі бойындағы стресстік жағдайдың салдарын барынша азайту және оның өнімділігін арттыру міндеті тұр.

Осы мақсатта өнеркәсіптік құс шаруашылығында түрлі стресске қарсы қоспалар қолданылады. Олардың көпшілігі аминқышқылдардың, минералдық заттар мен витаминдердің әртүрлі үйлесімдерден тұрады. Мұндай қоспаларды қолдану бірқатар жағдайларда оң әсерді қамтамасыз ететініне қарамастан, көп жағдайда тиімділігі шектеулі болып қалады. Бұл стресске қарсы препараттар құрамында жеткілікті түрде кеңінен пайдаланылмайтын органикалық қышқылдар, антиоксиданттар, электролиттер, гепатопротекторлар сияқты компоненттердің стресстік жағдайлардың алдын алу кезінде маңызды рөл атқаратынымен байланысты.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы жағдайында алғаш рет «Гидро Рекс Витал» антистресстік препаратының бройлер балапандарының өміршеңдігіне әсері, олардың өнімділік көрсеткіштері, азықтың конверсиясы, қанның морфологиялық және биохимиялық көрсеткіштері, сондай-ақ маусымдық факторларды ескере отырып, құс еті өндірісінің экономикалық тиімділігі бойынша кешенді ғылыми зерттеу жүргізілді.

Ауыл шаруашылығы құсының бейімделу мүмкіндіктерін арттыруға, оның физиологиялық жай-күйі мен өнімділігін жақсартуға ықпал ететін азық қоспаларын іздеу және қолдану құс шаруашылығы саласының табысты дамуына белгілі бір теориялық үлес қосады. Жұмыстың практикалық маңыздылығы етті бағыттағы шаруашылығындағы стресстік жағдайлардың алдын алу болып табылады, бұл алмасу процестерін қалыпқа келтіруге, зоотехникалық және экономикалық көрсеткіштерді арттыруға ықпал етеді.

Автор диссертация тақырыбы бойынша арнайы әдебиетті кең қамтып, іріктеп, жүйеледі. Тәжірибелерді тікелей өзінің қатысуымен орындап, тәжірибелерден алынған материалдарды өңдеп, зерттеу нәтижелерін қорытындылады.

Аблаева Эльмира зерттеу барысында «Гидро Рекс Витал» препараттын қолдану арқылы бройлер балапандарын өсірудің жыл мезгілдеріне байланысты зоотехникалық, морфологиялық және биохимиялық қан көрсеткіштері, сондай-ақ экономикалық тиімділігі жан-жақты талданып, толықтай ұсынылды.

Тәжірибе топтарында «Гидро Рекс Витал» стресске қарсы препаратты қолдану құс басының сақталуына оң әсер еткені анықталды. Мысалы, жазғы кезеңде бақылау тобының сақталуы 86,7% құрады, ал тәжірибелік топтарда ол 90,0-96,7% шегінде болды. Күзгі кезеңде бақылау тобында бұл көрсеткіш 90,0% -ды, ал тәжірибелік топтарда - 93,3-96,7% -ды құрады. Қысқы кезеңде бақылау тобындағы құс басының 86,6% деңгейі сақталу құраса, тәжірибелік топтарда бұл көрсеткіш 90,0-96,6% -ға жетті.

Ғылыми зерттеулер барысында тәжірибелік топтағы құстарда препаратты қолдану бройлер балапандардың ет өнімділігін арттыруға ықпал еткені анықталды. Жазғы тәжірибеде бақылау тобындағы тірі салмақтың орташа тәуліктік өсімі 62,2 г құрады, ал тәжірибелік топтарда бұл көрсеткіш 64,1-66,8 г шегінде болды, Күзгі кезеңде бақылау тобындағы тірі салмақтың орташа тәуліктік өсімі 58,3 г, тәжірибелік топтарда - 60,0-62,0 г, ал қысқы тәжірибеде - тиісінше 60,9 г болса тәжірибе топтарында 62,55 г - 63,06 құрады.

Жазғы кезеңде бір басқа шаққандағы тірі салмақтың көрсеткіші бақылау тобында 2611,6 г, тәжірибелік топтарда - 2702,7-2798,7 г құрады, күзгі тәжірибеде бұл көрсеткіш бақылауда 2448,3 г ал тәжірибелік топтарда 2519,7-2604,1 г құрады. Қысқы кезеңде бақылау тобындағы тірі салмақтың мөлшері 2557,7 г-ға жетті, ал тәжірибелік топтарда ол 2627,3-2648,7 г шегінде болды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей препаратты қолдану, бройлер балапандарда сойыс шығымын арттыруға ықпал ететіні дәлелденді. Жазғы тәжірибеде бақылау тобымен салыстырғанда жақсы көрсеткіш тәжірибелік топтарда, сойыс шығымының 2,2 абсолюттік пайызға, күзгі кезеңде - 4,1 абсолюттік пайызға, ал қысқы тәжірибеде - 2,3 абсолюттік пайызға ұлғаюы байқалды.

Диссертациялық зерттеу мәліметтеріне сәйкес, препаратты пайдалану тірі салмақтың 1 кг өсіміне азықтың шығынын азайтуға мүмкіндік берді. Мысалы, жазғы тәжірибеде бақылау тобымен салыстырғанда тәжірибелік топтарда жем-шөп шығыны 4,8% -ға, күзгі кезеңде - 8,65% -ға, ал қысқы тәжірибеде - 8,7% -ға төмендеді.

Бұдан басқа, препаратты тәжірибелі топтардың балапандарына қолдану кезеңінде сою салмағындағы 1 кг еттің өзіндік құнын төмендетуге ықпал етті. Жазғы кезеңде төмендеу бақылау тобымен салыстырғанда 9,52%, күзгі кезеңде - 10,91%, ал қысқы кезеңде - 11,95% құрады.

Зерттеу нәтижелері бойынша ізденуші бройлер балапандарын өсіру кезінде «Гидро Рекс Витал» стресске қарсы препаратты қолдану экономикалық тұрғыдан

да тиімді болып табылды және жоғары өндірістік пайдалануына әсер етуін қамтамасыз жасайтыны анықталды. Жалпы экономикалық тиімділік жаңа нұсқаларда жалпы экономикалық әсер жазда, күзде және қыста тиісінше 7,96; 11,19; және 8,18 млн теңгені құрады, бұл бір бастапқы басқа шаққанда 318,4; 254,2 және 248,0 теңгені құрайды.

Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми, тұжырымдар мен өндіріске ұсыныстары зерттеулердің дәстүрлі және заманауи әдістемелерін пайдалана отырып алынған эксперименттік және талдамалық деректерге негізделген, алынған нәтижелердің сенімділік дәрежесі математикалық өңдеумен дәлелденген.

Аблаева Эльмираның диссертациялық жұмысы етті құс бағытындағы шаруашылықтарда стресске қарсы препараттарды қолданудың ғылыми негіздерін дамытуға елеулі үлес қосады, олардың тіршілікке қабілеттілігіне, өнімділігіне, азықтың конверсиясына, сондай-ақ құс қанының морфологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне оң әсер ететіні ғылыми негіздеуге мүмкіндік беріп өндірістік жағдайларда енгізу үшін практикалық ұсынымдар қалыптастырылды.

Диссертацияны рәсімдеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» 8D08201 білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарына толық сәйкес келеді және көпшілік алдында қорғауға ұсынылады.

а. ш. ғ.д. профессор

Б.М. Махатов
Ғали хатшы



Махатов Б.М.

рәстаймен
Сүл Нұрмошова
12.02.2026